

"Қазақстан Республикасындағы ақпарат қорғау құралдарын депозитке салу Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2001 жылғы 22 маусымдағы N 86 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2009 жылғы 9 маусымдағы N 103 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 қарашадағы N 1100 қаулысымен бекітілген 2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы рұқсат беру жүйесін жетілдіру Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, лицензиялау мақсатына және принциптеріне тікелей қатысы жоқ артық нормаларды жою мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы ақпарат қорғау құралдарын депозитке салу Ережелерін бекіту туралы" (2001 жылы N 29 - 463 орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде жарияланған, N 1601 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2001 жылғы 22 маусымдағы N 86 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Арнайы ақпараттық қызметі осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және оның ресми жариялануын қамтамасыз^{етсін}.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Комитет Төрағасы

А. Шабдарбаев